

БЕКІТЕМІН  
«Жәңгір хан атындағы Батыс  
Қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті» КеАҚ  
басқарма төрағасы-ректор  
А. М. Наметов  
« 01 » 09 2022 ж.

**«МАНСАП ЖӘНЕ БИЗНЕС-СЕРІКТЕСТІК»  
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТЕКШІ САРАПШЫСЫНЫҢ**

**ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ**

**СМЖ.07.ЛН.120**

№ 01 басылым  
№ \_\_ дана

Дайындалды: 31.08.2022 ж.	Келісілді: 01.09.2022 ж.	Енгізілді: 02.09.2022 ж.
З.Х.Султанова <u>[Signature]</u>	Таубаев У.Б. <u>[Signature]</u> Таскалиев Е.К. <u>[Signature]</u> Ихсанов Е.Б. <u>[Signature]</u> Алмагамбетова М.Ж. <u>[Signature]</u>	07.09.2020 ж. СМЖ.07.ЛН.120 орнына. Қайта қаралуы: 04.09.2025 ж.

**Мазмұны:**

1. Бағыты
2. Қолданылу саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмері	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

## **1. Бағыты**

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» мен Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес дайындалды.

## **2. Қолданылу саласы**

Осы нұсқаулық «Мансап және бизнес-серіктестік» орталығының жетекші сарапшысына арналған.

## **3. Лауазымдық міндеттері**

### **3.1 Мансап және бизнес-серіктестік орталығының жетекші сарапшысының міндеттері:**

3.1.1 Жоғары тұрған мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарға қызметтік сұраныстар бойынша хаттарға жауап дайындау және жіберу;

3.1.2 Орталық жұмысының жылдық жоспарын қалыптастыруға қатынасу, қызметтік міндеттеріне сәйкес оларды орындау үшін дербес жауапкершілік алу;

3.1.3 Әріптестік қарым-қатынас қалыптастыру үшін мекемелер және өндірістік ұйымдармен байланыс орнату;

3.1.4 Кәсіптік практика және тағылымдамаға байланысты нормативтік құжаттар жобасына, практика бағдарламаларына сараптама жасау;

3.1.5 Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде жұмыс берушілермен қызметті жандандыру бойынша іс-шараларды әзірлеуге, ұйымдастыруға және өткізуге қатынасу;

3.1.6 Мемлекеттік мекемелер және бизнес-серіктестермен ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісімге қол қоюға дайындық жасау;

3.1.7 Түлектер үшін «Бос орындар жәрмеңкесін» ұйымдастыру шараларына қатысу;

3.1.8 Өндіріс және бизнес өкілдерімен кездесулерді ұйымдастыру;

3.1.9 Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің түлектер және қамқоршылар қауымдастығының шараларын ұйымдастыруға қатысу;

3.1.10 Университеттің ресми сайтына қажетті мәліметтер дайындау;

3.1.11 Орталық жұмысын жақсарту мақсатында жаңа шаралар мен әдістерді қарастыру және енгізу;

3.1.12 Университет түлектерінің жұмысқа орналасу мәселелеріне қатысты есептік деректер дайындауға қатысу;

3.1.13 МЖБСО қызметі саласына жататын басшылықтың әртүрлі тапсырмаларын орындау.

### **3.2 Бағыныштылығы:**

3.2.1 «Мансап және бизнес-серіктестік» орталығының жетекші сарапшысы лауазымына Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады.

3.2.2 Мансап және бизнес-серіктестік орталығының жетекші сарапшысы орталық директорына бағынышты.

### **3.3 Мансап және бизнес-серіктестік орталығының жетекші сарапшысы білуі тиіс:**

3.3.1 Жоғары оқу орындарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілерін;

3.3.2 Қазақстан Республикасының жоғары білім беруді дамытудың келешегін, орта мерзімді келешектегі университет дамуының басым бағыттары және оларды жүзеге асырудың негізгі шараларын;

3.3.3 Жоғары оқу орнындағы түлектердің жұмыспен өтеу және ол бойынша міндеттемеден босатудың әдістемелік негіздерін;

3.3.4 Осы лауазымдық нұсқаулықты;

3.3.5 Еңбек заңнамаларының негіздерін;

3.3.6 Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын;

3.3.7 Мансап және бизнес-серіктестік орталығы сарапшысының құзыретіне кіретін барлық мәселелерді білуге міндетті, ұйымдастырушылық қабілеті, жауапкершілік пен патриотизм сезімі, ыждағаттылық, адамдармен жұмыс істеу қабілеті болуы тиіс;

3.3.8 Мемлекеттік, орыс тілдерін іскерлік деңгейде білуі және дербес компьютерде жұмыс жасай білуі тиіс;

3.3.9 Әр түрлі баламаларды салыстырмалы бағалап, оңтайлы шешім қабылдай білу;

3.3.10 Үнемі өз біліктілігін арттырып отыруы тиіс.

#### **3.4 Біліктілік талаптары:**

3.4.1 Мамандығы бойынша жоғары білімі, жоғары оқу орнындағы еңбек өтілі кемінде 3 жылдан кем болмауы, магистрдің академиялық дәрежесі, PhD философия докторы, бейіні бойынша доктор дәрежесі немесе ғылым кандидаты атағының болуы тиіс.

#### **4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі**

4.1 «Мансап және бизнес-серіктестік» орталығының жетекші сарапшысы:

4.1.1 Өзінің лауазымдық нұсқаулығында қарастырылған лауазымдық міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында анықталған заң шегінде;

4.1.2 Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында анықталған заң шегінде;

4.1.3 Материалдық залал келтіргені үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында анықталған заң шегінде жауапты болады.

#### **4.2 Мансап және бизнес-серіктестік орталығының жетекші сарапшысы өкілетті:**

4.2.1 Университеттің құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынаста Мансап және бизнес-серіктестік орталығы директорының мүдделерін білдіруге.

#### **4.3 Мансап және бизнес-серіктестік орталығының жетекші сарапшысы:**

4.3.1 Өзіне жүктелген лауазымдық міндет пен құқығын орындауға қажетті еңбек жағдайларымен университет басшылығынан қамтамасыз етілуін талап етуге;

4.3.2 Кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға;

4.3.3 Кәсіби жағынан өзінің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға ;

4.3.4 Кәсіби қызметінің жетістігі үшін өзін материалдық және моральдық жағынан көтермеленуге;

4.3.5 Жылына 30 күнтізбелік күн көлемінде ақылы еңбек демалысын алуға құқылы.

#### **5. Құжаттама**

-

#### **6. Сілтемелер**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 23 қараша 2015 жыл №414-V ЗРК.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, 18 қараша 2015 ж. №410-V.

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ Жарғысы.

Университеттің ішкі тәртіп ережелері.

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.